



Сыр бойы

№36 (20509)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

7 наурыз, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады.

Президентке жоғарғы палатаның заң шығару қызметі туралы баяндалды. Сенаттың Парламенттегі қызметі басталғаннан бері 21 заң мақұлданып, қабылданған. Оның ішінде еңбек дауларын шешу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, цифрлық активтер, сондай-ақ Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар қаралған.

Мәулен Әшімбаевтың мәліметі бойынша қазіргі уақытта Сенатта Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген маңызды заң жобалары қаралып жатыр. Атап айтқанда, алдағы кезеңде 2023 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылауды, Әлеуметтік кодексті, сондай-ақ әкімшілік реформа, адам құқықтары және азаматтардың алдын алу, мемлекеттік қызмет мәселелеріне қатысты заң жобаларын қарастыру жоспарланып отыр.

Президентке палатаның сот жүйесін реформалау және процесуалды заңнаманы жетілдіру жұмыстары туралы ақпарат берілді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында Сенатта жұмыс тобы құрылған. Бұл топ 60-тан астам отырыс өткізіп, 350-ге жуық ұсыныс жинаған. Аталған жұмыстың нәтижесінде екі заң жобасы әзірленді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Сенат жұмысындағы өңірлік күн тәртібін нығайтуға, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің идеяларын ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыда кешенді дамыту жөніндегі реформаларды одан әрі қолдауға бағытталған заңнамалық қызметті жалғастыру қажет екенін атап өтті.

ЖАҢА ЕҢБЕК ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Заманауи зерттеулер институтының директоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаровты қабылдады.

Кездесуде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заманауи зерттеулер институтының директоры, саяси ғылымдар докторы, профессор Мұхит-Ардагер Сыдықназаров Президентке өзінің «Қазақстанның үздіксіз мемлекеттілігі тарих тоқынында. XVI-XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті» атты жаңа еңбегі туралы баяндады.

Оның айтуынша, 1465 жылы Қазақ хандығы құрылған кезден бері мемлекет атауы Батыс елдерінің озық картографиялық баспаларынан шыққан атлас карталарынан қалып қалған. Олардың арасында Америка Құрама Штаттары, Бельгия, Англия, Франция, Италия, Германия және басқа да мемлекеттерде басылған карталар бар. Аталған еңбекте мемлекеттіміз анық көрсетілген және орта ғасырлардан, яғни 1562 жылдан бастап 1879 жылға дейінгі кезең қамтылған. Барлығы – 130 карта. Автор кітаптың Бельгия баспасынан шығуын бельгиялық, нидерландық картографтар Қазақ мемлекеттілігін алшақшылардың бірі болып картаға түсірумен байланыстырады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың еңбегіне жоғары баға беріп, еліміздің барлық өңірінде және халықаралық іс-шараларда арнайы көрмелер ұйымдастыру қажет екенін айтты.

МЕЙІРІМ НҰРЫ АРАЙЛЫ, АНАЛАРДАН ТАРАЙДЫ



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Ана мен бала орталығы» және «Persona Medical» клиникасының қызметімен танысып, осы ұжымдарда қызмет ететін қыз-келіншектерді мерекелем құттықтады.

— Елімізде Президент тапсырмасымен ана мен баланың денсаулығын жақсарту үшін бірқатар жұмыстар атқарылуда. Кәсіпкер демеушілігімен облыс орталығында «Анаға тағзым» орталығының құрылысы салынуда. Көпбалалы отбасыларға көрсетілетін көмек мөлшері де жыл өткен сайын ұлғайып келеді.

Ана мен бала орталығы ұжымының әр әйелдің ана бақтың сезінуіне қосқан үлесі өлшеусіз деп білемін. Жарық дүние есігін ашқан әр нәресте мен оның анасына қамқорлықтарыңызды аямай, қызмет көрсетіп келесіздер. Сіздердің кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында әр отбасы інгәлаған сәби үнімен тербеліп, бақытта кенелуде. Барлығыңызды көктемнің көркем мерекесімен құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Әр үйдің базары —

балаларымыздың болашағы жарқын болсын, аналарымыздың денсаулығы зор болсын! — делі құттықтау сөзінде Нұрлыбек Машбекұлы.

Мекеме ұжымымен диларласу кезінде аймақ басшысы жана туған сәбиінің атын қоюды сұраған ана тілегін орындап, Алаш ардақтысы, ақын Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай балаға Мағжан деген есім берді.

Облыс әкімі орталықтағы жана туған нәрестелерді реанимациялау бөлімшесінің, перзентхана блогының және қарқынды терапия бөлімінің жұмысымен танысты.

Еске салсақ, 320 орындық Ана мен бала орталығы 2014 жылы пайдалануға берілген. Мұнда 713 қызметкер еңбек етуде. Өткен жылы мекемемін артық жүктемесін төмендету үшін жүктіліктің физио-

логиялық ағымы бар әйелдерді емдеуге арналған 50 төсектік қосымша ғимарат ашылды.

Алдағы уақытта Қызылорда қаласында 200 төсектік перинаталдық орталықтың жана ғимаратын салу жоспарлануда. Ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында облыстық перинаталдық орталық базасында кенес беру-диагностикалық бөлімі ашылды.

Мұнан кейін аймақ басшысы облыс орталығындағы танымал емдеу мекемелерінің бірі — «Persona Medical» клиникасына барды. Клиника 2017 жылдан бастап қызмет атқарып келеді, ауысымына 150 келушіге арналған. Мұнда 50 дәрігер жұмыс жасайды, олардың 90%-ның жұмыс өтілі 25 жылдан асады. Бүгінде 12 560-тан астам бала осы клиникада кенес алып, ем қабылдаған.

Облыс әкімі мекемедегі ультратыбыстық зерттеу, стоматология және арнайы мамандардың қызметімен танысты. Ұжымдағы қыз-келіншектерге ізгі тілегін білдіріп, клиника жұмысына сәттілік тіледі.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты аналар! Аяулы әнке-қарындасар! Қыр қызғалағандай қырмызы қыздар!

Сіздерді 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Жыл сайын көрікті көктем келіп, Жер-ана түрленгенде, тіршілік бастауы мен әлемдіктің үйлесімді әйелдер мерекесін атап өтеміз.

Нәзік жандардың қоғамдағы орнын, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін бағамдап, құрмет көрсетеміз. Әр үйдің жылуы мен жарығы, бағы мен берекесі болған жандарды қуантуға асығамыз.


Тәуелсіз елімізде отбасы институтының өркендеуіне, көпбалалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдауға, гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге басымдық беріліп келеді.

Бүгінде аймақтағы білім, денсаулық сақтау, мәдениет, мемлекеттік қызмет салаларында әйелдер үлесі басым. Олардың белсенді, тындырымды жұмысы абыройға ие. Шанырақтың түтінін түзу ұшырып, өмірге ұрпақ әкелумен қатар қоғамдағы орнын да нықтаған жандар үлгі тұтуға лайық.

Гүл көктемнің шуақты мерекесінде баршаныңа зор денсаулық тілеймін. Отанымыздың бір бөлшегі — отбасында бақытта бөленіп, еңбекте, кәсіпте табысқа кенеле беріңіздер!

Әйелдер мерекесі әлемді әлемділігімен әрлендірсін, әсерімен әлдилесін!

Құрметпен, облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ



№13 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ТАЙМАНОВ СЕЙІЛБЕК АБЗАЛУҒЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қымбатты жерлестер!

Мен Алаштың анасы атанған Сыр өлкесінде туып-өстім. Жоғары оқу орнын бітіріп, облыстың түрлі салаларында қызметтер атқарып, туған өлкемді дамыту жолында сан алуан жұмыстарға, әсіресе, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге, құрылыс саласын дамытуға белсене араласып, қазіргі таңда табиғат жана шыры ретінде орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемеде қызмет атқарып келемін. Бұл бағыттағы жетістіктерімді халық біледі деген ойдамын.

ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын өткізу туралы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан кейін «AMANAT» партиясының атынан бірмандаттық жүйеде облыстық мәслихаттың депутаты болуға бел будым.

Өлкемізді жан-жақты дамытудың барлық мәселелері облыстық мәслихат депутаттары арқылы шешіліп келеді. Қызылорда облысында да шешімін күткен мәселелер жетіп-артылады. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені депутат — халық сенген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

Облысымыздың өркендеуіне бұған дейін жинақтаған білімім мен тәжірибемді, іскерлік қарым-қабілеттерімді аянбай жұмсаймын деп сенемін. Қызылорда қаласында мынадай өзекті мәселелер оң шешімін табуы үшін жұмыс істеймін:

Экономиканы тұрақты дамыту және кәсіпкерлікті қолдау

Экономиканы дамытудың негізгі бағыты өнеркәсіп секторының базасы шикізатты өңдеу үшін қажеттіліктердің жақын орналасуы есебінен қалыптасқан. Қала экономикасының тұрақты дамуы үшін «Өндіріс» (125,5 га) индустриалды аймағын дамыту маңызды. Осы тұрғыдан отандық

өнімдер шығаратын жана кәсіпорындар ашуға мемлекет тарапынан көмектер алуына ықпал ету;

«2025 жылға дейінгі кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба» аясында бизнесін жанадан бастаушы азаматтарға грант ұсыну бойынша ықпал ету;

Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар санын арттыру бойынша жұмыстар атқару;

Өңірдің инфрақұрылымын жақсарту

(Дамыған жол инфрақұрылымы, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық)

— Қала көшелерін жөндеу бойынша 2023-2027 жылдар аралығында қаладағы 126 көшеге орташа және күрделі жол жөндеу жұмыстарын жүргізуге және азаматтардың қауіпсіздігін арттыру бойынша жаңа жүргінші жолдарын салуға тиісті ұсыныстар енгізу;

Нәтижесінде, 2027 жылға қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 87% құрайды деген сенімдемеміз.

Қызылорда қаласында 70 мыңнан аса отбасы өмір сүреді. Қала тұрғындарының тұрғын үйге қажеттілігінің деңгейі жоғары. Қазіргі таңда тұрғын үй кезегінде тұрған адам саны — 27384. Осыны ескере отырып, «AMANAT» партиясы Қазақстанда тұрғын үй құрылысын дамытуға басымдық беріп келеді. Сонымен қатар, тозығы жеткен үйлерді қайта жаңғырту бойынша тұрғындармен келісе отырып, нәтижелі жұмыстар жүргізу;

ҚР Президентінің «Әлібетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және ардаймыз» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі ІС-КИМҰЛ ЖОСПАРЫНА сәйкес, ЖЭО (жылу-электр орталығы) құрылысының сапалы әрі уақытында пайдалануға берілуін қалағалы отырып, тиісті жұмыстар атқару;

Жастар саясаты

Жана ұрпақ біздің еліміздің стратегиялық бағытының қозғалтқышына

айналуы керек. 76 мыңнан астам немесе қызылордалықтардың 22%-ын жастар құрайды. «AMANAT» партиясы мен «Жастар рухы» жастар қанатының жұмысында әлеуметтік лифтілерді құруға, тұрғын үй құрылысы, жұмыспен қамту, білім берудің мемлекеттік бағдарламалары бойынша және жас отбасылар үшін баспана проблемаларын шешуге аса назар аударылады.

Кемінде 3 мың адамды қамти отырып қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша ақпараттық кенес ұйымдастыру;

Конкурсаты негізде жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5% жеңілдікпен несие беру және нәтижелерге қол жеткізу мақсатында қажетті ақпараттық көмектер алуына жұмыстар жүргізу;

10 мың жасты жұмысқа орналастыру бойынша тиісті мекемелерге қажетті ұсыныстар енгізу;

Жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына жағдай жасау;

Экологиялық жағдайды жақсарту шеңберіндегі шараларды күшейту

Қолайлы экология — қолайлы және қауіпсіз өмір сүрудің басты факторы. Біз қоршаған ортаға инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасауға тырысымыз, оны халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін маңызды факторы ретінде қарастырамыз. Сонымен қатар қала тұрғындары да қоғамда табиғатты құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып, өндірісте және күнделікті өмірде таза экологиялық технологияларды енгізуді қолдауы керек. Бұл үшін «AMANAT» партиясы мен орман шаруашылығы бірлесе отырып, жыл сайын кемінде 4 мың тал егу жұмысын жүргізуге күш салады.

Сондықтан мен жерлестерімді алдағы сайлауға бір кісідей белсене қатысып, елімізді дамытудың көшбасында келе жатқан «AMANAT» партиясына, осы саяси партия ұсынған кандидаттарымызға дауыс беруге шақырамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

AQJOL
Demokratia Party

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ
ПОДДЕРЖКА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК
СОЦИАЛЬНАЯ СПРАВЕДЛИВОСТЬ

19 НАУРЫЗ
МАРТ 2023

КИМ ТРОФИМ
ИОСИФОВИЧ

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ!
ПЕРЕМЕНЫ НЕИЗБЕЖНЫ!

Дауыс бер!
Голосуй!

«Ақсақ» Демократиялық партиясының саяси бағырмасы
Политическая программа
Демократический партия «Ақсақ»

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Арулар — тіршілікке күрестамыр,

ҰЛЫ ҚҰРМЕТ — ҰСТАЗҒА

8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Алма Ақдәулетованың үйіне барып, келе жатқан мерекемен және туған күнімен құттықтады. Нұрлыбек Машбекұлы ұлағатты ұстаздың ұзақ жылғы еңбегіне алғыс білдіріп, зор денсаулық тіледі.

«Сіздің өмір, еңбек жолыңыз, жеткен жетістіктеріңіз — ізіңізден өрген жас ұрпаққа өнеге. Жоғары білім беру, ғылым саласындағы дара жолыңызды осы бағытты тандаған талапкерлер үлгі тұтады. Облыстық партия, атқару комитетінде ер азаматтармен қатар жүріп атқарған қызметтеріңіз қай кезде де қоғам құрметіне бөленді. Облыстық кеңес депутаты, әйелдер қоғамының төрайымы болған кездегі елге сіңірген еңбегіңізді жұртшылық жоғары бағалады. Сізді алдымыздағы арқасүйер



үлкеніміз, жанашыр тілекшіміз ретінде әрдайым құрмет тұтамыз. Камқор пейілмен, ақ ниетпен айтатын ақыл-көңестеріңізден Сыр елінің жарқын болашағына деген жанашырлығыңызды, мол тәжірибеніңізден түйген тағы-

лымыңызды байқаймыз», — деді құттықтау сөзінде Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, Алма Танабайқызы 8 наурыз күні 90 жас мерейтойын тойламақ. 1950-1954 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында оқыған ол осы институтта оқытушы болып, студенттерге дәріс берген. Еңбек жолында 1969 жылы Қызылорда облыстық партия комитетінің ғылым және білім бөлімінің менгерушісі, 1973 жылы облыстық Кеңес атқару комитетінің жауапты хатшысы, 1978-1988 жылдары облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

Алма Ақдәулетова — облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер. «Құрмет белгісі» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасының иегері. Кеңес Одағы деңгейіндегі Әйелдер сөзіне делегат болған. ҚР Президентінің «Алғыс хатымен», көптеген медальмен марапатталған. Қызылорда облысының Құрметті азаматы.



ЕҢБЕКПЕН ШЫҢДАЛҒАНДАР

Түрлі салада ерлермен тең түсіп, қызмет етіп жүрген нәзік жандар көп. Олардың бірі теміржолда жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, енді бірі төтенше жағдай кезінде кездескен қиындыққа төтеп береді. Мереке қарсаңында өңірлік коммуникациялар қызметіне әртүрлі саланың арулары қонаққа келіп, брифинг берді.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Кез келген қиын сәтте сақалай сай, дап-дайын тұратын төтеншеліктердің қызметі тәулік бойы жалғасады. Мұндай салада ерлермен иық тірестіре жұмыс істейтін арулар да жетерлік. Айталық, облыстық төтенше жағдайлар департаментінде қызмет ететіндердің 20 пайызы — әйел. Департаменттің өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің азаматтық қорғау подполковнигі Сымбат Абдуллаеваның бұл салада еңбек еткеніне 15 жыл болыпты. Әуелде педагог-психолог маманы болып жұмысқа орналасқан. Жас маман түрлі қиындықпен бетпебет келетін төтеншеліктерді алдын-ала психологиялық дайындықтан өткізеді. «Айтып келмейтін апатпен «айқасқа» түсетін мамандардың жауынгерлік әзірліктен бөлек, ішкі дайындығы да маңызды әрекеттер болса, — дейді ол.

Полиция қызметкері болуды бала кезінен армандаған Айгерім Кенжебай есімді ару — бүгінде Жалағаш аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ұйымдастырушылық-аналитикалық жұмыс тобының инспекторы, полиция лейте-

нанты. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ спортқа жаны құмар бойжеткен әлі күнге дейін сүйікті ісінен қол үзбеген. Дзюдо және самбо күресінен түрлі жарыстарға барып, биіктерді бағындырып жүрген шынашактай қыз спорт шеберіне үміткер. — Бұл салада қызмет ету — мен үшін үлкен абырой. Бала кездегі арманымын орындағанына қуанамын. Бір жағынан өзімнің сүйікті спортымнан да ажырамадым. Түрлі жарыстарға қатысуға кедергі жоқ. Қайта басшылық тараптан қолдау көп болады, — дейді А.Кенжебай. Теміржол саласы — ел экономикасының құрестамыры. Бұл саланың дамуына үлес қосып жүрген арулардың бірі — Камила Кенжебекова. «Қызылорда вокзалының» вокзал бойынша кезекшісі болып жұмыс істегеніне биыл алтыншы жыл. Жолаушылардың қауіпсіздігіне асқан жауапкершілікпен қарайтын сала қызметкерлерінің міндеті жеңіл емес. Сырт келбетінен бастап, жүріс-тұрысы, мәдениетті сөйлеуі, әрбір жолаушыға сапалы қызмет көрсету, мүмкіндігі шектеулі жандарды пойыздың ішіне

дейін шығарып салу секілді жұмыстарға айрықша мән беріледі.

— Пойыздарды күтіп алу, шығарып салу, билет кассирлерінің жұмыс тәртібін тексеру, билет алу кезегін реттеу де вокзал қызметкерлерінің міндетіне жатады. Сонымен бірге, вокзал аумағындағы тәртіптің сақталуы мен қауіпсіздігіне де жауапты, — дейді ол.

Брифингке келген арулардың қатарында «Қорқыт ата» әуежайының жолаушыларға қызмет көрсету және жүк тасымалдау бөлімінің қызметкері Фаиза Тайқожа да болды. Сырттан келген жолаушыларды күтіп алу және шығарып салу, жүктерді тіркеу сынды жұмыстарға жауап беретін бойжеткен әуежайда жұмыс істеу үшін қандай оқу орнына түсу керектігі жайлы жастарға кеңес берді.

— Мен өзім Алматыдағы азаматтық авиация академиясының «Жүк тасымалдау» бөлімін оқыдым. Арнайы мамандығы бойынша болмайды. Әр әуежай компаниясы өздерінде конкурсты өткізу арқылы дайындайды. Қосымша үш айлық курстан өтеді. Бір ғана талап бар, үш тілде жетік сөйлей білу керек, — дейді ол.

Баспасөз мәслихатының соңында өңірлік коммуникациялар қызметінің басшысы Гүлнұр Бүркітбаева брифинг қонақтары мен журналистерге алғыс хат пен сыйлық тапсырып, аруларды мерекесімен құттықтады.

ЖАНКҮЙЕРЛІК ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ

Өткен жексенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қайсар» футбол клубының маусымашар ойынын тамашалады және Батыржан Шалғынбаев атындағы футболдан республикалық турнирдің жабылу салтанатына қатысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Еске салсақ, 5 наурызда Орталық стадионда биылғы жылдың алғашқы ойыны «Қайсар»-«Қызылжар» командаларының арасында өтті. Ойын «0:1» есебімен аяқталды.

Аймақ басшысы «Евразия» спорт кешенінде өткен жауынгер-интернационалист Батыржан Шалғынбаевты еске алуға арналған футболдан дәстүрлі республикалық турнирге қатысушыларды құттықтады. Байрақты бәсекенін өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттауда зор маңызға ие болғанын атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында «...Бұқаралық спортты дамыту пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, соның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз» деген болатын. Сіздер Президенттің парасатты бастамасын қолдап, бұқаралық спортты дамытуға үлес қосудасыздар.

Өңірде спорт инфрақұрылымын дамытуға ерекше мән

берілуде. Қазіргі таңда облыс бойынша 10 денешынықтыру және спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, биыл облыс орталығынан құны 6,9 млрд теңгеге 80 спорт-ойын алаңы балдырғандарымызға тарту етілді. Бұл халықтың спортпен шұғылдануына, саламатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді, — деді облыс басшысы.

Айта кетейік, 4 наурызда «Евразия» спорт кешенінде жауынгер-интернационалист Батыржан Шалғынбаевты еске алуға арналған футболдан республикалық турнирдің ашылу салтанаты өтті. Биыл 27-ші мәрте ұйымдастырылған турнирге көршілес Өзбекстаннан және еліміздің 6 облысынан 32 команда, 640 спортшы қатысты.

СЫРДЫҢ СҰЛУ ОФИЦЕР ҚЫЗДАРЫ

Қазақта ер азаматтармен бірдей жауға шапқан, билермен бірдей дауға төрелік айтқан шешен де өжет, батыл да өр қыздар, аяулы аналар аз емес. Тарихқа көз жүгіртсек, екі жұртын да өз батырлығымен мойындатқан Тұмар, Зарина, Айбике, Гауһар, Ақбике, Сапура, әулиелігімен, көреген-көсемдігімен елді таңғалдырып, таңдай қаққызған Домалақ ана, Бегім, Қоңыр аналар, одан беріде Хиуаз, Әлия, Мәншүк, Роза, қазақ әдебиетінің жауһарларына айналған Бопай, Ұлпан, Зере, Ұлжан, Айғанымдардың есімі тарихта өшпес із қалдырды. Оларды әлі күнге дейін зор құрметпен атаймыз, үлгі тұтамыз, мақтан етеміз.

Бүгінде осындай абзал арулардың ізін жалғаған, ерлермен бірдей тун ұйқысын төрт бөліп, ел игілігі үшін жанын шүберекке түйіп, еліміздің әскери құрылымдары мен құқық қорғау органдарында қызмет атқарып жүрген қыздарымыз қаншама?!

Қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қылмыс пен заң бұзушылықтардың алдын алуға міндетін атқарып жүрген полиция қыздары мақтауға да, мақтануға да тұрарлық еңбек етіп келеді. Офицер қыздар әйелге тән нәзіктігі мен биік қызыл жұлдызды, ерлермен иық тірестіріп, тәуліктің қай мезгілімен де санаспай, өздерінің жоғары еңбек қабілетін көрсетуде.

Солардың қатарында ішкі істер органының әр саласында қызмет атқарып келе жатқан, бауырларым Салтанат Қуанышбекқызы, Шолпан Жорабекқызы және Ақбота

Қуанышбекқызы Әзірбектерді мақтан тұтамыз.

Әкем Жорабек Әзірбеков — Жалағаш ауданы, Жанаталап ауылының тумасы. Ішкі істер органында 25 жылға жуық қызмет жасаған, бүгінде отставкадағы майор. Жоғарыда есімдері аталған бауырларым «Әке көрген оқ жанды» деген тәмсілдің растығын нәзік жанды болса да дәлелдеп жүргендей. Әкем бес ағайынды, Салтанат пен Ақбота — әкемнің туған ағасы Қуанышбек Әзірбековтің қыздары, яғни немере сінділерім. Ағамыз Қуанышбек Сыр топырағында дүниеге келгенмен, жоғары білімді Алматыда алып, Шымкент қаласында қызмет атқарған. Туған жерден жырақта жүрді. Сондықтан ол кісінің балалары сонда тұды, өсті. Тек бала кезімізде жазғы демалыста басымыз қосылып, ауылдың топырағында аунап қайтатынбыз. Ол кезде болашақта осы үш қыз



Сурет айық берекесізден алынды

да бірдей құқық қорғау саласында қызмет атқарады деп ойламадық. Қуанышбек ағамыздың ғұмыры қысқа болды, 1991 жылы небәрі 46 жасында қайтыс болды. Сол кезде Салтанат небәрі 10 жаста, ал Ақбота 6 жаста ғана еді. Алты бірдей баланы тәрбиелеп, оқытып жеткізген анасы Гүлмараш Исанқызы ҚР Білім беру үздігі, мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беріп, бүгінде бейнеттің зейнетін көруде. Салтанат Қуанышбекқызы

ішкі істер органдарында 20 жылдан бері қызмет атқарып келеді. 2002 жылы Қазақ Мемлекеттік заң академиясының тергеу-криминалистика факультетін үздік бітірген. Алғашқыда телевизия саласында еңбек етті, «Шұғыл ақпарат-Оперативная служба» бағдарламасының редакторы болды. 2003 жылы ол кездері Алматы қалалық ішкі істер департаментіне қарапайым инспектор болып орналасып, білімі мен

біліктілігінің арқасында қатардағы лейтенанттан бастап, полковник шенін алды. Бүгінде Салтанат өз ісінің маманы, сабырлы мінезімен, байсалдылығымен, жауапкершілігімен әріптестер арасында сыйлы. Отбасы мен қызметін қатар алып жүр, екі қыз, екі ұлдың анасы. Жолдасы жұбайының жұмысына түсіністікпен қарап, ерқашан қолдау танытып келеді.

Ал Шолпан Жорабекқызы — туған бауырым. Қызылорда облыстық полиция департаменті анықтау басқармасының полиция подполковнигі. 19 жыл еңбек өтілінің 15 жылға жуығы тергеу мен анықтау саласында өтті. Тергеуші болу оңай емес, өжет те жігерлі мінез болуы, қылмыс орын алған жерде жедел шешім қабылдау қажет. Шолпанның бойынан бұл қасиеттер айқын көрінеді. Бала күнінен әкеміздің форма кигенін көріп өскен ол ес білгелі арманы тәртіп сақшысы атану еді. Бүгінде сол мұратына жетіп, ішкі істер саласында еңбек етуде. Қызмет барысында жас анықтаушылар мен тергеушілерге өз білгенін үйретіп, тәжірибесін бөлісіп келеді. Бүгінде Шолпан Жорабекқызы жолдасымен екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсіруде.

Тағы бір пағанды сұлуымыз Ақбота Әзірбек — полиция майоры, Алматы қаласы полиция

департаментінің аға инспекторы. 2001-2005 жылдары әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. 2008 жылы заңгер мамандығы бойынша «Тұран» университетін тәмамдаған. Ішкі істер органдарында 2009 жылдан бері жол полициясы, әкімшілік полициясы, жергілікті полиция басқармаларында жол қауіпсіздігі саласының маманы болды. 2020-2022 жылдары Алматы облысы полиция департаментінің ресми өкілі, баспасөз қызметінде жұмыс атқарды.

Аруларымыздың қызметтік міндеттерін үлгілі орындап, жақсы көрсеткіштер көрсеткені үшін Ішкі істер министрлігі, департамент, басқарма бастықтарының құзырымен бірнеше мәрте марапатталуы өз істеріне деген жоғары жауапкершілігін көрсетсе керек.

Құрмеуі қиын күрделі саланың білікті мамандарын мерекемен құттықтай отырып, денсаулық, амандық, ұзақ ғұмыр тілеймін! Мен өздеріңмен мақтанамын!

Аманкүл ӘЗІРБЕКОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

